

"Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 162 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 34 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4081

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 162 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3659 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесінде:

1 "Ағымдағы шығындар" санатында:

1 "Тауарлар мен қызметтерге шығатын шығындар" сыныбында:

120 "Жұмыс берушілердің жарналары" ішкі сыныбында:

125 "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған жарналар" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша және" деген сөздер алынып тасталсын;

130 "Тауарлар сатып алу" ішкі сыныбында:

139 "Өзге тауарларды сатып алу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында:

"дипломатиялық миссиялар) кіші бағдарламасы" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы";

"ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау" кіші бағдарламасы"

деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы";

"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

140 "Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу" ішкі сыныбында:

142 "Байланыс қызметіне ақы төлеу" ерекшелігінде:

" Е с к е р т у " бағанында :

"ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау" кіші бағдарламасы" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы";

"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

143 "Көлік қызметтеріне ақы төлеу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында "ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау" кіші бағдарламасы" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы";

144 "Электр энергиясы үшін ақы төлеу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша және" деген сөздер алынып тасталсын;

146 "Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтар мен басқа негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

147 "Үй-жайды жалға алғаны үшін ақы төлеу" ерекшелігінде:

" Е с к е р т у " бағанында :

"ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы, "Қазақстан

Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және саудалаудың құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасы бойынша";

"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігінде:
"Ескерту" бағанында:

"ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және" "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы, "Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және саудалаудың құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасы бойынша";

"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

2 "Күрделі шығындары" санатында:

4 "Негізгі капиталды сатып алу" сыныбында:

410 "Негізгі капиталды сатып алу" ішкі сыныбында:

411 "Негізгі құралдарға жататын тауарларды сатып алу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында:

"Шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша," деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу" бюджеттік бағдарламасының "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын ұстау" кіші бағдарламасы бойынша";

"Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

412 "Үй-жайлар, ғимараттар және құрылыстар сатып алу" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" кіші бағдарламасы" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын "және" "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін

орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бюджеттік бағдарламасы";

2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және оның әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде оны мемлекеттік тіркеген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр